

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің 2026 жылғы 11
қыркүйектегі № 624 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2026
жылғы 15 қыркүйекте № 39875
болып тіркелдіМинистерство внутренних дел Республики
Казахстан

**«Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында
мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 276
бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 276 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20231 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

««Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

1-тармақ мынадай редакциядағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативіне және қамтамасыз ету нормативіне өтінімі» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары.»;

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

аталған бұйрықпен бекітілген «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) «Цифрлық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің «бірыңғай терезесін» білдіретін цифрлық объект;

3) «Цифрлық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеусіз қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

4) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын,

оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

4. Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлері заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдардың қорытындысы туралы мәліметтер, көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесінің келісу хаты, қызметкерлерді тиісті тексеру туралы қорытынды, қызметкерлердің арасында нашақорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы алкогольизммен ауыратын адамдардың болмауы туралы наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің қорытындысы, сондай-ақ олардың арасында кәсіби қызметтің және жоғары қауіп көзіне байланысты қызметтің жекелеген түрлерін орындауға жарамсыз деп танылған адамдардың болмауы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтерді, қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгені туралы ақпаратты, көрсетілген қызметті алушының кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызылуы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден «цифрлық үкімет» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тартуды (бұдан әрі - дәлелді бас тарту) дайындайды, ол көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, көрсетілетін қызметті алушының прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдарға, көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесіне көрсетілетін қызметті алушының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау («Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ-72 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23852 болып тіркелді). «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29011 болып тіркелді). «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелді). «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131 /2020 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелді). «Ықтимал қауіпті химиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-105 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24809 болып тіркелді). «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы

саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық мәні бар объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21710 болып тіркелді), өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы («Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. «Өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 345 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10276 болып тіркелді). «Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 943 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10293 болып тіркелді). «Есірткі заттарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы объектілерді және үй-жайларды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 11 сәуірдегі № 334 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11171 болып тіркелді) талаптарына сәйкестігіне немесе сәйкес келмеуіне қорытынды алу үшін сұрау салу жібереді.»;

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдар, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық органдары көрсетілетін қызметті берушіге он жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы жауапты жолдайды.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Тізбенің 11-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу құқығының туындауына қатысы жоқ талаптар осы қызметті көрсетуден бас тартуға негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) заңды тұлға-лицензиат осы Заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда);

3) «объектілерге берілетін рұқсаттар» сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

4) қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Егер заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, «объектілерге берілетін рұқсаттар» сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу Қағиданың осы тармағының бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары қолданылмайды.

Лицензиаттар мен лицензияларға қосымшаларда көрсетілген объектілердің мекенжайларындағы мұндай өзгерістер мемлекеттік цифрлық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.»;

17-тармақ мынадай редакциядағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.»;

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Заңның 5-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету сатысы туралы мәліметтерді мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіп негізінде енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету кезінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің және кіші түрлерін көрсету сатысы туралы мәліметтер көрсетілетін мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде түседі.

20. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты «цифрлық үкіметтің» ақпараттық- коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.»;

осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген «Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы «Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) «Цифрлық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің «бірыңғай терезесін» білдіретін цифрлық объект;

3) «Цифрлық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеусіз қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

4) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 10-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап тізбенің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін толықтығын және негіздердің бар-жоғын тексереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы

Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) дайындайды, оны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу құқығының туындауына қатысы жоқ талаптар осы қызметті көрсетуден бас тартуға негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған және ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді және ұсынылған құжаттарға сәйкес лицензия беру туралы өтініштің тиісінше ресімделуін тексереді. Одан кейін осы Қағидалардың 3 және 4-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша лицензияны қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілген қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.»;

11-тармақ алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Экспорт және (немесе) импортқа лицензияны қайта рәсімдеу мына жағдайларда рәсімделеді:

1) заңды тұлға-лицензиат қосылу үлгісімен қайта ұйымдастырылғанда, қайтадан құрылғанда, заңды тұлға-лицензиат келесі бір заңды тұлғаға қосылғанда, бөлініп шыққанда және бөлінгенде;

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) мекенжайы өзгергенде.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, нақтырақ айтқанда, егер заңды тұлға-лицензиаттың мекенжайы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Конституциялық Заңының талаптарына сәйкес елді мекеннің, көше атауының өзгеруіне байланысты өзгерсе, экспорт және (немесе) импортқа лицензияны қайта рәсімдеу жүргізілмейді.

Лицензиаттар мекенжайының мұндай өзгеруі мемлекеттік цифрлық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

Экспорт және (немесе) импортқа лицензияны қайта рәсімдеудің жалпы мерзімі өтінімдерді қабылдаған және тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.»;

14-тармақ мынадай редакциядағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.»;

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Көрсетілген қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы көрсетілген кезде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі;

17) Көрсетілген қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық акті бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты «цифрлық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.»;

17-тармақтан кейін 3-тарау мынадай мазмұндағы тақырыбымен толықтырылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

осы бұйрыққа 4 және 5-қосымшаларға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) «Цифрлық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің «бірыңғай терезесін» білдіретін цифрлық объект;

3) «Цифрлық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеусіз қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

4) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10- тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздердің бар-жоғын тексереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) дайындайды, оны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу құқығының туындауына қатысы жоқ талаптар осы қызметті көрсетуден бас тартуға негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған және ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді және өтініштің тиісінше ресімделуін тексереді. Одан кейін осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілген қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолдайды.»;

11-тармақ алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу жағдайлары:

1) заңды тұлға-лицензиатты бірігу, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғаға қосу, бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастыру;

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жерінің өзгеруі (лицензияда мекенжайы көрсетілген жағдайда).

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше атауларының өзгеруіне байланысты лицензиаттың орналасқан жері өзгерген жағдайда, Қағиданың осы тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды.

Лицензиаттардың мекенжайларын осындай өзгерту мемлекеттік цифрлық жүйелерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Әкелуге, әкетуге және транзиттеуге лицензияны қайта ресімдеудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат алу кезінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін мына жағдайлар:

1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;

4) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы болып табылады.»;

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Көрсетілген қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы көрсетілген кезде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде түседі.

17) Көрсетілген қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық акт бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты «цифрлық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.»;

17-тармақтан кейін 3-тарау мынадай мазмұндағы тақырыбымен толықтырылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі»;

осы бұйрыққа 6 және 7-қосымшаларға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі**

Е. Саденов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 624 Бұйрықтың
1-қосымшасы

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 31 наурыздағы
№ 276 бұйрығының
4-қосымшасы

«Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативі мен қамтамасыз ету нормативіне өтінімі» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативі мен қамтамасыз ету нормативіне өтінімі» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына және «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 12-бабының 1) тармағы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативі мен қамтамасыз ету нормативіне өтінімі» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру,

сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) «Цифрлық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің «бірыңғай терезесін» білдіретін цифрлық объект;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін «цифрлық үкімет» веб порталы (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетілетін қызмет берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі - тізбе) 10-тармағында келтірілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды жолдайды.

4. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органға және тиісті қызмет түріне лицензиясы бар заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өз құзыреті шегінде уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативі мен қамтамасыз ету нормативіне өтінімін келісу үшін келесі күнтізбелік жылға жылдың 1 сәуіріне дейін көрсетеді.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға ақысыз негізде көрсетіледі.

7. Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен сәттен бастап оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде толықтығы мен сәйкестігіне, тізбенің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздердің бар-жоғын тексереді.

Тізбенің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды қамтамасыз ету нормативін келісуді қалыптастырады. Тізбенің 11-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші қызметті алушыға Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу құқығының туындауына қатысы жоқ талаптар осы қызметті көрсетуден бас тартуға негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.

Мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілген қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен расталған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы көрсетілген кезде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

10. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық акті бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты «Цифрлық үкіметтің» операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шағымдарды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда шағымды мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасымалдағышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды. Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні қабылдаған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаған жайдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

12. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіпте шағымданғаннан кейін сотқа жүгіне алады.

**«Уәкілетті органдар мен заңды
тұлғалардың есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорларды тұтыну
нормативі мен қамтамасыз ету
нормативіне өтінімі» мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларының
1-қосымшасы**

**«Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар
мен прекурсорларды тұтыну нормативі мен қамтамасыз ету нормативіне
өтінімі» мемлекеттік қызметін көрсетуге негізгі талаптардың тізбесі**

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативі мен қамтамасыз ету нормативіне өтінімі
2	Мемлекеттік қызметтің кіші түрлерінің атауы	Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативіне өтінімі Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды қамтамасыз ету нормативіне өтінімі
3	Көрсетілетін қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
4	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	www.egov.kz «цифрлық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) және «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» цифрландыру объектісі
5	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	7 (жеті) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды қамтамасыз ету нормативін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісу не осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушы тегін көрсетіледі.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті беруші дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. порталда – жөндеу жұмыстарын өткізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда

		мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсету нәтижесін қабылдау және беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсы: www.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде; 2) порталда орналасқан.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Уәкілетті органдар мен заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативіне және қамтамасыз ету нормативіне өтінімін келісу үшін: 1) уәкілетті органның немесе заңды тұлғаның мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың осы тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі өтінімі; 2) есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші цифрлық жүйелерден «цифрлық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 3) оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.
12	Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерді көрсетуді ескере отырып, өзге де талаптар	1) ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар; 2) көрсетілетін қызметті алушылар жыл сайын келесі күнтізбелік жылға арналған тұтынудың жиынтық нормативін бекіту үшін ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін есірткі, психотроптық заттар, олардың аналогтары және прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға жалпылама өтінімдер береді. 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар; 4) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген: www.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777; 5) порталда көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді.

«Уәкілетті органдар мен заңды
тұлғалардың есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорларды тұтыну
нормативі мен қамтамасыз ету
нормативіне өтінімі» мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Өтінім

(көрсетілетін қызметті алушының атауы, мекенжайы, бизнес сәйкестендіру
нөмірі, телефоны)

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативіне
және қамтамасыз ету нормативіне өтінімді келісуді сұраймын (қажет емесін
сызып тастаңыз)

№ р /с	Кестенің тізімнің позиция- ның №	Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА)	Саудалық атауы (бар болса)	Өлшем бір- лігі	Са- ны
1	2	3	4	5	6

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, мемлекеттік органдардың
және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың цифрлық объектілеріндегі
қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға қол жеткізуге келісемін.

(ЭЦҚ)

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

«Уәкілетті органдар мен заңды
тұлғалардың есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорларды тұтыну
нормативі мен қамтамасыз ету
нормативіне өтінімі» мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі
істер министрлігі



Министерство внутренних дел
Республики Казахстан

**Белгілі бір мөлшердегі есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың
қамтамасыз ету нормативіне және тұтыну нормативіне өтінімді
№ КЕЛІСУ
(беруге жатпайды)**

(көрсетілетін қызметті алушының атауы, заңды мекенжайы, телефоны)





№ р /с	Кестенің №, тізімнің №, позиция- ның №,	Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА)	Саудалық атауы (бар болса)	Өлшем бір- лігі	Са- ны
1	2	3	4	5	6

Басшы

(Т.А.Ә. (бар болса))

Өтінімді бекіту күні 20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

Өтінімнің жарамдылық мерзімі 20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равнозначен документу на бумажном носителе.

«Уәкілетті органдар мен заңды
тұлғалардың есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорларды тұтыну
нормативі мен қамтамасыз ету
нормативіне өтінімі» мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Министерство внутренних дел
Республики Казахстан



ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

Нөмірі [Нөмірі]





[Өтініш берушінің атауы]

Берілген күні: [Берілген күні]

[Көрсетілетін қызметті берушінің атауы], сіздің [Өтінім күні] жылы № [өтінім нөмірі] өтініміңізді қарап, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды қамтамасыз ету нормативін және тұтыну нормативін келісуден бас тартылатынын хабарлайды. [Бас тарту себебі].

[Қол қоюшының лауазымы]

[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 624 Бұйрыққа
2-қосымша

«Есірткі, психотроптық заттар
мен прекурсорлардың айналымымен
байланысты қызметке лицензия беру»
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына
1-қосымша

**«Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына
байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру.
2	Мемлекеттік қызметтің кіші түрлерінің атауы	Құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіру, жинау және дайындау, әзірлеу, өндіру, өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, тарату, сату, пайдалану, жою.
3	Көрсетілетін қызметті ұсынушының атауы	Ішкі істер министрлігі.
4	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру «цифрлық үкімет» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
5	Мемлекеттік қызметті және кіші түрлері көрсету мерзімі	Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, оның ішінде заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну түрінде қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу кезінде - 10 (он) жұмыс күні; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу кезінде, заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну түрінде қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеуді қоспағанда - 3 (үш) жұмыс күні.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
7	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету нәтижесі	3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.
8	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөл-	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 616-бабына сәйкес өзінің тұратын жері бойынша бюджетке қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға құқық беру үшін лицензиялық алым төлейді:

	шері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оларды өндіріп алу тәсілдері	1) лицензия және лицензияға қосымша беру кезінде 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткішті құрайды; 2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу кезінде лицензияны беру уақытындағы ставканың 10 пайызын құрайды. Төлем қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ «цифрлық үкіметтің» төлем шлюзі порталы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті ұсынушының қызметі - Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі; Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетіледі; порталдың қызметі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелерін ұсыну Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындары мен кіші түрлердің мекенжайлары мыналар бойынша орналасқан: 1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсы: www.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде; 2) портал.
10	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі талап етіледі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және кіші түрін алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы: 1) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық нысанда алуға (қайта ресімдеуге) арналған өтініші; 2) ЭҮПШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер – лицензияны және лицензияға қосымшаны алған (қайта ресімдеген) жағдайда; 3) Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қорғайтындарды қоспағанда, меншік нысанына қарамастан, жеке күзет ұйымдарының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтауға арналған объектіні және (немесе) үй-жайларды күзету келісімшартының электрондық көшірмесі; 4) олар туралы ақпарат мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, меншік құқығын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де заңды негіздерді (жалдауға (жалға алуға), қосалқы жалдауға) келісімшарт, сондай-ақ объектіні және (немесе) өзге негіздер бойынша үй-жайды пайдалануға құқық беретін құжат, банк мекемесінің мөрмен расталған кепілге алу шарты) растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; 5) олар туралы ақпарат мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген жағдайда. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін: 6) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық нысанда қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның өтініші; 7) ЭҮПШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер – лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде; 8) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпараты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері, олар туралы ақпарат мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда - лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген жағдайда. Лицензиат-заңды тұлға бөліну және бөлініп шығу нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

		9) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық нысанда қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның өтініші; 10) жарғының электрондық көшірмесі; 11) ЭҮПШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер – лицензияны және лицензияға қосымшаны алған (қайта ресімдеген) жағдайда; 12) Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қорғайтындарды қоспағанда, меншік нысанына қарамастан жеке күзет ұйымдарының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтауға арналған объектіні және (немесе) үй-жайларды күзету келісімшартының электрондық көшірмесі; 13) олар туралы ақпарат мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, меншік құқығын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (жалдау (жалға алу), қосалқы жалдау келісімшарты) сондай-ақ объектіні және (немесе) өзге негіздер бойынша үй-жайы пайдалану құқығын беретін құжат, банк мекемесінің мөрімен расталған кепілге алу келісімшарты; 14) олар туралы ақпарат мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері - лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген жағдайда.
11	Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуден бас тарту негіздері	1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; 2) лицензиялық алым енгізілмеген; 3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; 4) лицензиар (көрсетілетін қызметті ұсынушы) тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған; 5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; 6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; 7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады; 8) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмауы. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөлу түрінде қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылатындар: 9) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге қажетті құжаттарды ұсынбау немесе құжаттарды тиісті деңгейде ресімдемеу; 10) өтініш берушінің біліктілік талаптарын сәйкес келмеуі; 11) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлға-лицензиаттардың бөлінуі нәтижесінде қайтадан туындаған басқа заңды тұлғаға ресімделген болса.
12	Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ерекшеліктері мен түрлерін, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қыз-	1) ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті және кіші түрлері портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар; 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы; 3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген: www.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777;

меттерді көрсетуді ес- кере отырып, өзге де талаптар	4) порталда көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді.
--	--

«Есірткі, психотроптық заттар
мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты қызметке
лицензия беру» мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесінің
1-қосымшасы

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды
тұлғаның өтініші**

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,
орналасқан орны, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-
сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының
немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрі(лері)нің толық атауы
көрсетілсін)

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы,
ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Банктік шот _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің

мекенжайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй /ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) _____ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:

- көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

- өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

- қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

- көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімін беретіні расталады.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі)

Толтыру күні: 20__ жылғы «__» _____

**«Есірткі, психотроптық
заттар мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты қызметке
лицензия беру» мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесінің
2-қосымшасы**

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге
арналған заңды тұлғаның өтініші**

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі
болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-
сәйкестендіру нөмірі)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) қайта ресімдеуді
сұраймын

(керегінің астын сызу) № _____ бастап «__» _____ 20__
берілген)

(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның (лардың) нөмірі
(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды)
берген лицензиардың атауы) _____

жүзеге асыруға (қызмет түрінің және(немесе) қызметтің кіші түрі(лері)нің
толық атауы)

(тиісті тор көзде X көрсетіңіз):

1) заңды тұлға-лицензиат «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014
жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 34-
бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті тор көзде X көрсетіңіз):

бірігу _____
қайта құру _____
қосылу _____
бөліп шығару _____
бөліну жолымен қайта
ұйымдастырылуы _____

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы Заңның 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиаттың үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге «объектілерге берілетін рұқсаттар» класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) «объектілерге берілетін рұқсаттар» класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі Заңды тұлғаның мекенжайы

(елі (шетелдік заңды тұлға үшін), пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Банктік шот _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй /ғимарат (стационарлық үй-жайлар) (өндірістік база/ғимарат немесе тұрғын үй – жай (офис) нөмірі) _____ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:

- көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

- өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

- қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

- өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімін беретіні расталады.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі)

Толтыру күні: 20__ жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 624 Бұйрыққа
3-қосымша

«Есірткі, психотроптық заттар
мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты қызметке
лицензия беру» мемлекеттік
қызмет көрсету қағидасына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрлігі



Министерство внутренних дел
Республики Казахстан

Дәлелді бас тарту хаты

Номер: [Номер]

[Өтініш берушінің атауы]





Берілген күні: [Берілген күні]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішті қарап [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың номері], Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру бас тарту хаты туралы хабарлаймыз.

[Бас тарту себебі].

[Қызмет лауазымының қол қою]

[(қол қоюшының болған жағдайда) аты-жөні (бар болған жағдайда)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 624 Бұйрыққа
4-қосымша

«Құрамында есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорлары бар
тауарлардың экспорты мен импортына
лицензия беру» мемлекеттік
қызмет көрсету қағидасына
1-қосымша

**«Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың
прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру»
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру.
2	Мемлекеттік қызметтің кіші түрлерінің атауы	Экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алу, экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу.
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Ішкі істер министрлігі.
4	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету амалы	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру «цифрлық үкімет» веб-порталы www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
5	Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету мерзімі	Экспортқа және (немесе) импортқа рұқсат беру кезінде - 3 (үш) жұмыс күні; Экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 2 (екі) жұмыс күні.
6	Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
7	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету нәтижесі	3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.
8	Мемлекеттік қызметті және кіші түрлері көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіру тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің (Салық кодексі) 616-бабына сәйкес ол тұратын жері бойынша бюджетке қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға құқық беру үшін лицензиялық алым төлейді: 1) экспортқа және (немесе) импортқа лицензия беру кезінде 10 (он) айлық есептік көрсеткішті құрайды; 2) экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу кезінде 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

		Төлем қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ төлем портал арқылы «цифрлық үкіметтің» төлем шлюзімен (бұдан әрі - ЦҮТШ) жүзеге асырылуы мүмкін.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында: www.gov.kz «Мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінде; 2) порталда орналасқан.
10	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі талап етіледі	Экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алу үшін: 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша электрондық түрде экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші; 2) экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алған жағдайда - ЦҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер; 3) сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымшаның және (немесе) толықтырудың (біржолғы лицензия үшін) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарт) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін растайтын өзге құжаттың көшірмесі; 4) егер бұл тиісті мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, бақылаушы заттардың нақты партиясын оның аумағына әкелуге импорттаушы мемлекеттің құзыретті органы рұқсатының не аталған рұқсат талап етілмейтіні туралы осы органнан ресми хабарламаның электрондық көшірмесі. Экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу үшін: 5) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 6) лицензия экспортқа және (немесе) импортқа қайта ресімделген жағдайда - ЦҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер; 7) лицензияны қайта ресімдеген жағдайда - олар туралы ақпарат мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері. Есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші цифрлық жүйелерден «цифрлық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуден бас тарту негіздері	1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы саясаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; 2) лицензиялық алым енгізілмеген; 3) өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болған;

		4) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот борышкер өтініш берушіге лицензия беруге уақытша тыйым салған; 5) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталса, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады; 6) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмауы. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады: 7) тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензияны қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімдемеу; 8) егер бұрын тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензиялар заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе.
12	Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ерекшеліктері мен түрлерін, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерді көрсетуді ескере отырып, өзге де талаптар	1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар; 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы; 3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген : www.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777; 4) порталда көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді.

«Құрамында есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорлары
бар тауарлардың экспорты
мен импортына лицензия беру»
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидасына мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне
1-қосымша

**Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия алуға
арналған өтініш**

1. Өтініш №	2. Қолданылу кезеңі бастап дейін	
3. Лицензияның типі ЭКСПОРТ	4. Келісімшарт _____ жылғы № _____	
5. Өтініш беруші	6. Сатып алушы	
7. Тағайындалған елі	8. Сатып алушының елі	
9. Келісімшарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны
12. Шығарылған елі	13. Саны	14. Өлшем бірлігі
15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы		
16. Қосымша ақпарат		
17. Лицензия беру үшін негіздеме	18. Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) Лауазымы Телефоны Қолы және мөрі Күні	

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың цифрлық объектілеріндегі қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға қол жеткізуге келісемін.

_____ (қолы)

20__ ж. «__» _____

**Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия алуға арналған
өтінішке қосымша**

Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Барлығы парак Парак №		18. Уәкілетті тұлға	
		Т.А.Ө. (бар болған жағдайда)	
		Лауазымы	
		Қолы және мөрі Күні	

«Құрамында есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорлары бар
тауарлардың экспорты мен импортына
лицензия беру» мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына мемлекеттік
қызмет көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне
2-қосымша

**Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия алуға
арналған өтініш**

1. Өтініш №	2. Қолдану кезеңі бастап дейін	
3. Лицензияның типі ИМПОРТ	4. Келісімшарт _____ жылғы № _____	
5. Өтініш беруші	6. Сатушы	
7. Жіберу елі	8. Сатушының елі	
9. Келісім-шарт валютасы	10. Құны	11. Статистикалық құны
12. Шығарылған елі	13. Саны	14. Өлшем бірлігі
15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы		
16. Қосымша ақпарат		
17. Лицензия беру үшін негіздеме	18. Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) Лауазымы Телефоны Қолы және мөрі Күні	

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың цифрлық объектілеріндегі қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға қол жеткізуге келісемін.

_____ (қолы)

20__ ж. «__» _____

**Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия алуға арналған
өтінішке қосымша**





жылғы № өтінішке қосымша			
Р/с №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі

		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
P/c №	Тауардың сипаттамасы	саны	өлшем бірлігі
		құны	
Барлығы парақ Парақ №		18. Уәкілетті тұлға Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) Лауазымы Қолы және мөрі Күні	

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 624 Бұйрыққа
5-қосымша

«Құрамында есірткі,
психотроптық заттар мен
прекурсорлары бар
тауарлардың экспорты
мен импортына лицензия
беру» мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі		Министерство внутренних дел Республики Казахстан
Дәлелді бас тарту хаты		
Номер: [Номер] Берілген күні: [Берілген күні]		[Өтініш берушінің атауы]
[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішті қарап [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың номері], Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру бас тарту хаты туралы хабарлаймыз.		
[Бас тарту себебі].		
[Қызмет лауазымының қол қою]	[(қол қоюшының болған жағдайда) аты-жөні (бар болған жағдайда)]	



Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 624 Бұйрықтың
6-қосымшасы

«Есірткі, психотроптық заттар
мен прекурсорларды әкелуге,
әкетуге және транзиттеуге рұқсат
беру» мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасының
1-қосымшасы

**«Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге
және транзиттеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесі**

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру
2	Мемлекеттік қызметтің кіші түрлерінің атауы	Әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат алу, әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Ішкі істер министрлігі
4	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету амалы	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру «цифрлық үкімет» веб-порталы www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
5	Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету мерзімі	Әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру кезінде - 3 (үш) жұмыс күні; әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беруді қайта ресімдеу кезінде - 2 (екі) жұмыс күні.
6	Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
7	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету нәтижесі	3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру немесе Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуде дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.
8	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оларды өндіріп алу амалдары	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, дема-

		лыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайлары: 1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында: www.gov.kz «Мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінде; 2) порталда орналасқан.
10	Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі талап етіледі	Әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат алу үшін: 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі заңды тұлғаның өтініші; 2) импорттаушы мемлекеттің құзыретті органының оның аумағына бақылаудағы заттардың нақты партиясын әкелуге рұқсатының электрондық көшірмесі егер бұл тиісті мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, импорттаушы мемлекеттің құзыретті органының бақыланатын заттардың нақты партиясын оның аумағына әкелуге рұқсатының немесе аталған рұқсат талап етілмейтіні туралы осы органнан ресми хабарламаның электрондық көшірмесі; 3) қосымша келісімдер мен қосымшаларды қоса бере отырып, бақыланатын заттарға қатысты сыртқы сауда шартының электрондық көшірмесі; 4) тұтынушымен жасалған қосымша келісімдер мен қосымшаларды қоса бере отырып, бақыланатын заттарға қатысты шарттың электрондық көшірмесі; транзитке рұқсат алу үшін: 5) заңды тұлғаның осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі өтініші; 6) өтініш беруші ұйымның мемлекеттік тіркелуі туралы нотариалды куәландырылған куәліктің электрондық көшірмесі (орыс тіліндегі аудармасымен); 7) мемлекеттің қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтініш беруші елдің мемлекеттік органы берген бақыланатын заттардың айналымына байланысты қызметке лицензияның немесе сертификаттың нотариалды куәландырылған электрондық көшірмесі (орыс тіліндегі аудармасымен); 8) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша кодтарды көрсете отырып, транзитке жататын бақыланатын заттардың (физикалық және құндық мәнде) атауы мен көлемі; 9) өтініш беруші тарапынан бақыланатын заттардың транзитін жүзеге асыру кезінде ықтимал авариямен келтірілген залалды өтеу туралы сақтандыру және басқа да қаржылық кепілдіктерді немесе өзге де міндеттемелерді ұсыну; 10) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын бақыланатын заттарды жеткізуге арналған шарттың нотариалды куәландырылған электрондық көшірмесі, оған түпкі жүк алушының бақыланатын заттарды пайдаланудың нақты мақсаты туралы өтініші (орыс тіліндегі аудармасымен) қоса беріледі; 11) өтініш беруші елінің құзыретті ресми органының төтенше жағдайлардағы алдын алу және іс-қимыл жүйесінің мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асыру кезінде ықтимал аварияның салдарын жоюға дайындығы туралы растауының электрондық көшірмесі; 12) егер жүкті жүк алушыға беру оған байланысты емес себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің бақыланатын заттарды осы жүктерді кері қабылдау міндеттемелері туралы растауының электрондық көшірмесі; 13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзу анықталған жағдайда тасымалдаудың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптауға және атқарушы органдардың басқа да қажетті іс-қимылдарына байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды заңнама

		талаптарына сәйкес келтіру қажеттілігіне және/немесе жүкті экспорт мемлекетіне қайтаруға байланысты шығыстарды өтеу туралы өтініш берушінің растауының электрондық көшірмесі. Әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу үшін: 14) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 15) лицензияны қайта ресімдеу жағдайында - мемлекеттік цифрлық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері. Есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші цифрлық жүйелерден «цифрлық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.
11	Қазақстан Республикасы заңнама-сымен белгіленген мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсетуден бас тарту негіздері	1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік қызметті аруды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 3) оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады: 5) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімдемеу; 6) егер бұрын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе.
12	Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ерекшеліктері мен түрлерін, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерді көрсетуді ескере отырып, өзге де талаптар	1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар; 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ «1414» Бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777; 3) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген: www.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777; 4) порталда көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа бар.

«Есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорларды
әкелуге, әкетуге және транзиттеуге
рұқсат беру» мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесінің
1-қосымшасы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Өтініш

(заңды тұлға ұйымының атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі,
телефоны)

Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар
өнімді (керексіз сызылып тасталсын) мыналардан әкелуге (әкетуге) рұқсат
беруіңізді сұраймын:

(елдің, алушы (жөнелтуші) ұйымның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

Р /с №	Тізім, кестесінің №, Ұста- ным №	Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА)	Саудалық атауы болған кезде	Өлшем бір- лігі	Са- ны
1	2	3	4	5	6

СЭҚ БТН бойынша тауардың коды _____

Бақыланатын заттарды әкелу (әкету) мақсаты: _____

Заңды тұлғаның басшысы _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, мемлекеттік
органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың цифрлық
объектілеріндегі қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға қол
жеткізуге келісемін.

(ҚОЛЫ)

20__ж. «__»_____

«Есірткі, психотроптық заттар
мен прекурсорларды әкелуге,
әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру»
мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптардың тізбесінің
2-қосымшасы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Өтініш

(ұйымның, заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

Қазақстан Республикасы арқылы құрамында есірткі, психотроптық заттар
мен олардың прекурсорлары бар өнімдерді транзиттеуге (керексіз сызып
тасталсын)

рұқсат беруіңізді сұраймын: _____

(экспортташының атауы, елдің атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

(импорттаушының атауы, елдің атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

_____ үшін

(елдің, соңғы жүк алушы ұйымның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

Р /с №	Тізім, кестесінің №, Ұста- ным №	Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА)	Саудалық атауы болған кезде	Өлшем бір- лігі	Са- ны
1	2	3	4	5	6

СЭҚ БТН бойынша тауардың коды _____

Көлік түрі, бағыты _____

1. Транзит жүргізілетін шекарадағы кеден органдары көрсетіледі:

1.1. Қазақстан Республикасының аумағына транзиттік өнімдерді әкелу
кезіндегі кеден органының атауы:

1.2. Қазақстан Республикасының аумағынан транзиттік өнімдерді әкету
кезіндегі кеден органының атауы: _____

Заңды тұлға басшысы _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, мемлекеттік
органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың цифрлық
объектілеріндегі қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға қол
жеткізуге келісемін.

(қолы)

20__ж. «__»_____

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2026 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 624 Бұйрыққа
7-қосымша

«Есірткі, психотроптық заттар
мен прекурсорларды әкелуге,
әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру»
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі



Министерство внутренних дел
Республики Казахстан

Дәлелді бас тарту хаты

Номер: [Номер]

[Өтініш берушінің атауы]

Берілген күні: [Берілген күні]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздің өтінішті қарап [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстың номері], Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру бас тарту хаты туралы хабарлаймыз.

[Бас тарту себебі].

[Қызмет лауазымының қол қою]

[(қол қоюшының болған жағдайда) аты-жөні (бар болған жағдайда)]

